

**Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайдың орналастырылуын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 374 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 қарашада N 3919 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 120 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.05.2020 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы Заңының 5-бабы 7) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайдың орналастырылуы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Е.Сұлтанов*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 06 қазандағы № 374  
қаулысына қосымша

**Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайдың орналастырылуы**

№	Атауы	Мекенжайы
1.	"Дария базары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жеке кәсіпкер "Бектеміров Әмір Османұлы" №1 павильон	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Бостандық көшесі, 22 "А"

